Ushqyr oila! Biikke samǵa! Álemdi sharla!



# Farabı shákirti

www.farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

№12
ЖЕЛТОҚСАН
2023

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Абай атындағы
Қазақ Ұлттық опера және балет театры

*Алматы*



# Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

Журналға келесі 2024 жылға жазылу басталды.
**Индекс 76081**

| Қала бойынша: | Ауыл/село: |
|---|---|
| 1 ай – 526,90. | 1 ай – 531,20. |
| 6 айға – 3161,80. | 6 айға – 3187,20. |
| 12 айға – 6322,80. | 12 айға – 6374,40. |




Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.
**Индекс 26081**

| | 6 ай | 12 ай |
|---|---|---|
| **Қала бойынша:** | 6 ай – 3079,80. | 12 ай – 6159,60. |
| **Ауыл/село:** | 3105,60, | 6211,20. |

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

farabishakirti.kz;

farabishakirti.kz әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

farabishakirti.kz әлеуметтік желісінде де бармыз. Тел: **87017309312**


**Farabı shákirti**

**№12 (52) желтоқсан, 2023 жыл**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

**Редакцияның мекенжайы: 040600**
**Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81**
**87017309312**
**E-mail: farabi_shakirti@mail.ru**
**ТАРАЛЫМЫ– 228 ДАНА**

Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01. 2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

***

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

***

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

***

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

***

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**Журналдың электронды нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.**

# Майлықожаның термесі



Армысың ата-әже, қариялар
Елімнің шежіресі, дариялар
Армысың, аға-жеңгей, белестерім
Ақылшым, маған берген кеңестерің.
Армысың, құрбы-құрдас, жолдастарым,
Өзімнің бірге ойнаған құрдастарым.
Осындай достарымның тойларында-ей
Өзімше осылай бір ән бастадым.
Атасы жақсы қандай-ды
Перзент қамын ойлайды
Перзентім адам болсын деп
Қылығына тоймайды.
Анасы жақсы қандай-ды
Қамқорлығы таудай-ды
Қалқам деп шықса алдыңнан
Кеудеңде қайғы қалмайды.
Ағасы жақсы қандай-ды
Алдында асқар таудай-ды.
Сүйінгенде сүйініш, құлағанда қолдайды
Інісі жақсы қандай-ды
Айтқан бір тілді алғай-ды
Ақылменен іс істеп
Бетіңе күйе салмайды.
Қарындас деген мейман дос
Сірә да қапы қалмайды,
Қиын іс түссе басыңа
Туысқан қамын ойлайды.
Жеңгесі жақсы қандай-ды
Шаршап бір келсең жұмыстан
Төсегің қамын салғай-ды
Келіп тұрса ашуың
Айналайын мырзаш деп
Басыңнан сипап алдайды.
Ағайын жақсы қандай-ды
Туысқандық қалмайды
Жездесі жақсы қандай-ды
Әкеден кемі болмайды.
Жиені жақсы қандай-ды
Бөліп бір жеген нандай-ды
Нағашы жақсы қандай-ды
Үзілген жерді жалғайды.
Осының бәрі бар болса,
Есен де аман сау болса
Айналайын, жақсылар
Бақ-дәулет келіп басыңа
Өзі оралып қонбай ма?

**Matinder.kz**

**Табылды Досымов**

# Желтоқсандағы жыр

*«Мен – қазақпын!..»*
*Ж. Молдағалиев*

Мен - қазақпын, жүре алмайтын
Шаттанбаса, күлмесе.
Мен - қазақпын,
Ішкен асын тастай салар жыр десе.
Мен - қазақпын,
Ашуланып, талақ қылар тірлікті,
Шайға бола бір кесе...

Мен бұл күнде құл емеспін,
Күң емеспін, Азатпын!
Енді азатпын,
Басымыздан өткен талай тозақ күн.
Мен - қазақпын,
Жалғыз атын сыйға арнайтын қонаққа,
Ертесіне қиналмайтын қазақпын.

Мен - қазақпын,
Басқа жанмын деп айтуға жоқ дәрмен.
Мен - қазақпын,
Азапты да, ғажапты да көп көрген.
Мен - қазақпын,
Жүрегімде шырылдаған шындықты
Жасқамаңдар шоқпармен!...

Мен - қазақпын, мен - қазақпын,
Қазақпын деп айтамән.
Халқым үшін қан-додаға кірмей
қалай жай табам?!
Менің қаным тіберенсе,
Тентек Каспий секілді,
Қинайтұғын, ұйымайтұғын,
Арнасына сыймайтұғын қайтадан...

**Абдрахман Асылбек**

# Он алтыншы желтоқсан

Еркін өскен ертеден ел екенбіз,
Кең даладай мейірлі, кең екенбіз.
Байлықпенен жарасқан берекеміз.
Көп қой біздің думан-той, мерекеміз.
Көкпар тартып, бәйгелеп қыр басында,
Думандатып тойлаймыз жыл басын да.
Дүниеге іңгәлап бала келсе,
Туған күнін тойлаймыз, бір жасын да.
Айта берсек термелеп, тойымыз көп,
Тойға сояр ту бие, қойымыз көп.
Тойлап жатсақ әр күнді қуанышты,
Тоқтау салмас ешкім де қойыңыз деп.
Тойы бар ғой тойдың да жарқылдаған,
Халқымыздың қадамы қарқындаған.
Қой үстіне бозторғай ұялаған,
Бүгінгідей қайда бар жарқын заман?
Астана етіп аялар Ақорданы,
Тәуелсіздік еді ғой ел арманы.
Жиырмасыншы ғасырда қол жеткізіп,
Ел болдық қой еңселі, кең арналы.
Он алтыншы желтоқсан – ұранымыз,
Он алтыншы желтоқсан – жыр-әніміз.
Тойламасақ бұл тойды дүрілдетіп,
Қалың елдің алдында күнәліміз.
Бұл күн үшін күрескен бабалар да,
Бұл күн үшін тірескен ағалар да.
Бұл күнді біз ерекше қастерлейік,
Өмір-өзен тоқтаусыз ағады алға.



**Шөмішбай Сариев**

# Желтоқсан

Дауылға – желтоқсанның желі айналды,
Ашуға мінді Алатау кәрі айбарлы;
Күтпеген іс ақыры не болар деп,
Күллі әлем Алматыға қарай қалды!
Кез емес жаугершілік «аттан» атты,
Алаңның шеруі емес салтанатты.
Қытымыр қыстың басы сол бір айда,
Желтоқсан желі әлемді жалт қаратты!
Солайша таудан бір сел тасып өтті,
Оятып, ойға салып басым көпті;
Бар ауыл ішкен асын жерге қойып,
Бауыр ет баланы ойлап жасын төкті.
Айтысса сабыр-сезім, ақыл-күмән,
Тойтарыс беру қиын батыл бұған,
Дем берді басын оққа байлап шығып,
Алғашқы сөз алғанда ақын Жұбан!
Әр жүрек секем алды төнер оқтан,
Бір дауыл көтеріліп келе жатқан,
Ең алғашқы ақындық бір ауыз сөз
Ел – халқын сақтады аман сел – апаттан!
Сол сөзінен ақынның басталды да,
Ашылып сала берді аспан мына,
Сел тоқтап, кәрі Алатау бір дем алды,
Салғанмен сергелдеңге қашқан жыра!
Ақын аға! Өзіңе — жырға келдім,
Жүрегіне айналдың туған елдің.
Тоқтау айтқан ақындық бір сөзіңнен,
Бұл күнде бәрі өзгерді күллі әлемнің!
Қазағың қозғағанда ел – ғаламды,
Қорғағандай қорғадың бел баланды.
Желбіреп желтоқсанның кекілдері,
Тоғысып туған жерге – Елге оралды!
Жұбан аға! Жыр демің – ел тынысың,
Толғандың теңізіңнің толқыны үшін.
«Мың өліп, мың тірілген» ақын едің,
Қазағың аман болса – Сен тірісің!
Тербетіп толқын – сезім бойды алып бір,
Тау шыңын – ызғарды мұз ой қарып тұр.
Желтоқсанның желінен айыға алмай,
Алатау әлі күнге ойланып тұр!

**Жұмекен Нәжімеденов**

# Желтоқсан

Жапырақтың сарысы, қызылдары
қызыл-сары дыбыс боп ызыңдады.
Ербеңдейді не біліп бұта басы? —
жұтамашы, табиғат, жұтамашы.
Кей ағаштың лыпасыз тұрғаны оғаш
жел өтінде тыртиып тыр-жалаңаш.
Нені ұғынды, суық жел, нені аяды?
Жақыны жоқ,
Жанашыр болмай әрі,
Өгей шеше үйінен қуып шыққан
Жетім қыздай кей ағаш сол баяғы.
Сұмырай көшіп жатыр ма, сұқсұр қонып
Күлкі, әзіл де естілді сұп-сұр болып.
Әне, аспанның күн жатыр шетін ала —
шуақта отыр үш мысық, екі бала.
Ар жағында ұлы ызғар сезіліп тұр,
жылтырайтын дүниенің беті ғана.
Жапырақ жасыл кезінде білінбейтін
жүгіріп жүр бір бояу, бір үн бейпіл.
Тастың-дағы таныдым бүгін кейпін.
Құс еттенді терісі кәрі еменнің,
тізесінің дірілін және көрдім.
Біткен бе анау көмекей-құлқын құлы —
Көгерткен кім бұлақты қылқындырып?

**Дереккөзі: bilim-all.kz**
**Суреттер «Уикипедия» ашық энциклопедиясынан алынды.**



# Біздің мамандар Әбу Насыр әл-Фараби қолжазбасының көшірмесін тапты



Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Түркиядан табылған ұлы ойшыл, ғұлама, ғалым Әбу Насыр әл-Фараби қолжазбасының көшірмесін жарыққа шығарды, – деп хабарлайды E-history.kz Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Ұлы ойшылдың бірегей қолжазбасы Түркияға жұмыс сапары кезінде Сүлеймания кітапханасынан табылды.

«Музыка саласына кіріспе» еңбегі 1257 жылдың 3 маусымында жарық көрген. Араб тілінде жазылған қолжазба 243 беттен тұрады. Аталған туынды күні бүгінге дейін толық зерттелмеген.



Реставратор маман Жансерік Бейсенқұловтың айтуынша, қолжазбаның көшірмесі табылғаннан кейін үш апта ішінде басып шығарылған.

«Музыкалық салаға кіріспе» қолжазбасы үш бөлімнен тұрады. Еңбекте музыкалық өнердің принциптері, негізгі терминдер және музыка пәні қамтылған. Кітапта музыкалық аспаптар мен әр түрлі әуендердің шығармаларына, категориясына және басқа да аспектілеріне кеңінен тоқталған.



Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары 2022 жылы «Архив-2025» жобасы аясында Ресей, Татарстан және Башқұртстан Республикалары, Түркия, Венгрия, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Мысыр және Катар мемлекеттеріне 11 ғылыми-іздестіру жұмыстарын жүргізді. Олар тарихи құжаттарды зерттеу және сақтау бойынша түрлі жобаларды іске асырды.

Мамандар отандық және шетелдік архивтер мен музейлерден кітапханалар мен ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша құжаттар мен материалдарды іздеу-анықтау, көшірмесін алу жұмыстарын жүргізіп, тарихи құжаттардың көшірмелерін елге әкелді.



ҚР МАМ архив, құжаттама және кітап комитетінің төрағасы Қуат Бораштың айтуынша, қазіргі таңда тарихымыздың ақтаңдақ беттерін түгендеп, тың деректермен толықтыру мақсатында елге жеткізілген қолжазбалар мен архивтік құжаттар мамандардың қатысуымен зерттелуде.

Барлық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу жоспарланған.

**Автор: E-history.kz**

# Ақжол Герой «Ел қорғаны» медалімен марапатталды

## Бір автобустың жолаушыларын аман алып қалған оқушы – бүгінгі күннің бала батыры

**Ақжол Геройға аталған наградыны қорғаныс ведомствосы басшысының атынан десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Алмаз Жұмакеев табыс етті.**

**Ал, Іле ауданының әкімі Бағдат Қарасаев оқушыны құттықтап, ноутбук, тәтті толы кәрзеңке сыйлады. Сонымен қатар оны тәрибелеген ата-анасына Алғыс хат табыстады.**

**Өтеген батыр ауылындағы №24 мектеп-лицейдің 8-сынып оқушысы Ақжол Герой бір автобустағы жолаушыларды аман алып қалды. Ол өзі мінген автобустың жүргізушісі рульге ие бола алмай, өзін нашар сезінгенде дереу әрекет етіп, тежегішті басып, қоғамдық көлікті тоқтатқан, деп хабарлайды turkystan.kz.**






Оқиға 22 карашада Оқиға Алматы облысы Іле ауданында, кешкі уақытта болған.

«8-сынып оқушысы Герой Ақжол Нұрланұлы мінген 219-шы автобустың жүргізушісі кенеттен есін жоғалтып, талып қалған. Өзінің ғана емес барлық жолаушылардың өміріне қауіп төнгенін түсінген батыл бала дереу іске көшіп, ойланбастан автобус рөліне жармасыпты. Сөйтіп, тежеуішті дер кезінде басып үлгеріп, барлық жолаушылардың өміріне төнген қауіпке тосқауыл болған», - деп жазылған №24 мектеп-лицейдің Instagram-дағы парақшасында.

Ақжол аталған білім ордасының лицейіміздің 8-е сыныбында оқиды. Өтеген батыр ауылының Қарасу шағын ауданында тұрады.

«Ол дәстүрлі отбасында ата-әже, әке-анасымен, бауырларымен бір шаңырақ астында өсіп келе жатқан, көп балалы отбасынан шыққан үлгілі оқушы. Ақжол әрдайым жасы кішілерге, қыздарға қамқор болып жүретін, ұстаздарға да құрмет пен ілтипат көрсететін тәрбиелі оқушы. Өз ісіне тиянақты, аққөңіл, алғыр оқушымыздың осындай батыл қадамға барған жанкешті әрекеті әркімді тәнті етері сөзсіз», - деп жазды лицейдің ресми парақшасы.

Кейін Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Іле ауданы тұрғындарына есеп беру кездесуінде жолаушылар автобусын апаттан аман алып қалған оқушыны марапаттады.

Сегізінші сынып оқушысы Ақжол Герой облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің қолынан «Алғыс хат» пен iPhone 15 телефонын салтанатты түрде алды.

«Мұндай әрекеттер ерекше алғыс пен құрметке лайық. Біз барша жастарға үлгі болуы тиіс өңіріміздің жас батырын мақтан тұтамыз», - деді Алматы облысының әкімі.

Сондай-ақ өңір басшысы бұл іс ерлік пен батылдықтың, жауапты істің үлгісі екенін атап өтті.

# Теңге – тарих

**15 қараша – Ұлттық валюта күні. Қазақстан Республикасының Президенті 1993 жылы 12 қараша күні «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» құжатқа қол қойған болатын. 15 карашада теңге айналымға енді. Биыл бұл даталы оқиғаға 30 жыл толып отыр.**



## XI–XIII ғасырларда қазақ жерінде соғылған теңгелер

Жалпы қазақ теңгесінің тарихы тереңде жатыр. Өкініштісі бұл тақырып әлі толық зерттелген жоқ. Десек те, қазіргі таңда қазақ теңгесі, яғни ұлттық нумизматикамызға қатысты жәдігерлер Түркістан қаласында орналасқан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музей қорында сақтаулы тұр. Атап айтқанда, қорық музейдің нумизматикалық теңгелер тобында 13583 дана жәдігер болса, олардың 7695-і негізгі қор есебіне, 5888-і көмекші қор есебіне алынған екен. Бұлардың дені – ерте орта және XIV ғасырға тән бұйымдар көрінеді.

Осы орайда, X-XIII ғасырларда қазақ даласында соғылып, ортағасырлық сауда-саттық ісіне пайдаланылған теңгелер жайлы қолымызда бар ақпаратты портал оқырмандарымен бөлісуді жөн көріп отырмыз.

## Күшілік ханның күміс теңгесі

Бұл жәдігерді өткен ғасырдың 90-шы жылдары дүние бүлініп, құнды бұйымдар талан-таражыға түсіп жатқан тұста танымал нумизматыр һәм шығыс эпиграфикасының білгірі, Алматы қаласының тумасы Владимир Настич азиялық қалта саудагерлердің бірінен сатып алған екен.

Қазіргі таңда Ресей Ғылым Академиясы Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі Владимир Нилович әуелі, күміспен қаптаған бұл жәдігер 1213-1214 жылдары Эл-Узжанд (Үзген, Өзген, Үзгент) қаласында құйылғанын анықтаған. Бұл шаһар қазір Қырғыз Республикасы Ош облысындағы аудан орталығы ретінде белгілі. Қаланың көне орны Карадария өзеннің оң жағалауында орналасқан. Шаһар XI ғасырда найман Күшілік ханның ордасы болғанын тарихтан білеміз.

Шығыстанушы Владимир Настич 1998 жылы жоғарыдағы күміс теңгенің қос бетіне жазылған жазуларды оқып, оның аудармасын ғылыми ортаға жариялапты. Күміс теңгенің сол жақ бөлігінің бетіне: араб тілінде «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деп



жазылса, осы жазудың жиегін айналдыра қоршап «Алланың атымен бұл дирхам (теңге) хижраның 610 жылы Узжанб қаласында құйылды» деген жазу жазылған екен. Ал теңгенің келесі бетіне (суретте оң жақта): «Аш-жалаңаш бұқараны бай,

бағлан болдыратын Khānān-Khān мың жасасын» деп жазылып, осы жазуды айналдыра «Бұл дихрам хижраның 610 жылы Узжанб қаласында құйылды» деген жазу жазылған (Настич В. Н. Загадочный узгендский «голодный» дирхам 610 г. х. - чекан карахытайского гурхана? // 6-я Всерос. нумизмат. конф.: ТДС . - СПб . - 1998 . - С. 59-60).

Жоғарыда тиын бетіне бәдізделген «Khānān-Khān» атауын В.Н.Настич: «Бұл сөз «Хандардың ханы» деген ұғымды білдіреді. Яғни, Ляо елінің билігін басып алған Күшілікті сол заман тарихшылары «Қара Киданның Гүр ханы» немесе «Хандардың ханы» деген лақап атпен белгілеген», дейді.

## Кетбұға сұлтанның теңгесі

Кетбұға қазақ тарихында орны зор тұлға. Шамамен 1150 – 1225 жылдары өмір сүргені жайлы дерек бар. Өз заманында жырау, күйші, би әрі қолбасшы болғаны жөнінде айтылады. XIV ғасыр мұрасы «Шаджарат әл-атрак» атты кітапта жазылған аңызда: «Теңіз бастан былғанды, кім тұндырар, а, ханым, Терек түптен жығылды, кім тұрғызар, а, ханым» деп, Жошының өлімін әкесіне естірткені туралы айтылса, Доспамбет жыраудың



«Кетбұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда?» дейтін жыры бар.

Бірақ мына күміс теңгені соқтырған адам басқа Кетбұға. Оған дәлел, күміс теңгенің өң бетіне «al-Malik al-Adil Zayn-ad-Din Kitbugha Ben Abd-Allah al-Mansuri al-Turki al-Mughli» деген жазу жазылып, теңге хижраның 694 жылы соғылғаны туралы мәлімет берілген. Яғни, бұл дата біздің жыл санау бойынша 1295 жылға дәл келеді.

Мұндағы біз сөз етіп отырған кіші Кетбұға атақты Айн Жалут шайқасында мамлюктердің қолына түскен құл екен. Оны сұлтан Калаун сатып алады. Осылай құлдыққа сатылған жауынгер Бейбарыс бабасы сияқты 1264-1296 жылдары Мысыр еліне патша болады. Осы жылдары өз атынан Ал-Кахира шаһарында күміс теңге соқтырады. Бұл жәдігер қазір Ұланбатыр қаласының тұрғыны Байырсайқан Басынсүрен (Bayarsaikhan Baasansuren) атты нумизматикатанушының жеке қорында сақтаулы тұр.

## Өзбек ханның теңгесі

Өзбек хан (толық аты-жөні Мұхамед Сұлтан Өзбек хан) шамамен 1280-1341 жылдары өмір



сүріп, 1313-1341 жылдар аралығында Алтын Орда ұлысының ханы болған. Арғы тегі – Бату әулетінен Меңгу Темір ханның немересі. Бұл кісі билік құрған жылдары Алтын Орда ұлысы барлық жағынан кемелденіп, қуатты империяға айналған.

Орыс тарихшысы Н. Веселовский Өзбек хан туралы «бұл тамаша хан еді, ол Ордаға тәртіп орнатты. Оның билігі тұсында мемлекет өзінің дамуы мен күш қуатының ең жоғарғы шегіне жетті. Жеке ақша айналым жүйесін құрды» деп жазған екен.

Осы орайда, айтпағымыз Өзбек хан соқтырған күміс теңгенің бір данасы «Золотая Орда. Узбек хан (1313-1341 гг). Данг 713 г.х» деген анықтамасымен Қырымның Ақша сарайында сақтаулы тұр. Бұл жәдігер хақында ресейлік нумизматик Роза Замильевна Сағдеева өзінің 2005 жылы жарық көрген «Себеряные монеты ханов Золотой Орды» атты танымдық монографиясында: «Бұл күміс теңге 1313 жылы (хижраның 713 жылы) соғылған, салмағы – 1,01 гр, диаметрі – 17 мм, тауарлық коды – 308302. Данасы - бір» деген мәлімет беріліпті.

## Жәнібек ханның теңгесі

Алтын Орда және Қазақ хандығы кезінде ұлыс билігін ұстаған Жәнібек атты хандар көп. Бұл тұлға Жәнібектердің алғашқысы болса керек. Дерек көздерінде: «Өзбек ханның ұлы,



Данг
Золотая Орда
Джанибек, Сарай ал-Джадид, 745 г.х. (1344-1345 г.н.э.)
(серебро, Ф14.5 мм, вес: 1.27 г)

Тоғрылжының немересі Жәнібек 1342-1357 ж.ж Алтын Орда ұлысының ханы болған» делінсе, өздеріңіз көріп отырғандай күміс теңге туралы жазылған «Сагдеева Р.З. Серебряные монеты ханов Золотой Орды. М., 2005» және «Федоров – Давыдов Г.А. Денежное дело Золотой Орды. М., 2003» атты еңбектерде: «Теңгені соқтырушы Махмұд Жәнібек (Махмуд Джанибек) хан Шыңғыс ханның тұқымы, 1341-1345 (741-758 хижра) жылдары Алтын Орда ұлысын билеген. Күміс теңге хижраның 745 жылы (1344-1345 ж.ж) Сарай әл-Жадид шаһарының шеберханасында соғылған. Салмағы – 1,27 г. диометрі – 14,5 мм. Теңгенің өң бетінде: «Әділетті сұлтан /Джалал ад - Дин Махмуд / Жәнібек хан» деп жазылса, келесі бетіндегі төрт жол жазбада «Шаһар Ас – Сарай. Әл-Жадид» деген сөз бәдізделіпті. Жәдігердің қайта сақтаулы тұрғаны ашық айтылмапты. Бірақ жәдігер 314483 санды тауарлық кодпен нумизматик Р.С.Сағдееваның № 219 нөмірлі каталогында тұрғаны туралы мәлімет бар екен.

## Бердібек ханның теңгесі

Атақты Алтын Орда билеушісі Жәнібек ханның баласы һәм Өзбек ханның немересі Бердібек шамамен 1357-1359 жылдары Ұлық ұлыстың билеушісі болған тұлға. Бұл кісі де өз заманында өзінің атынан теңге соқтырып, оны айналымға енгізген.



Данг
Золотая Орда
Бердибек, Гюлистан, 75(3) г.х. (1357 г.н.э.)
(О.с. чеканена штемпелем о.с. монеты Джанибека с годом 753)
(серебро, Ф16 мм, вес: 1.46 г)

Ресейлік нумизматик Г.А. Федоров-Давыдовтың келтірген дерекке жүгінсек («Клад серебряных джучидских монет с Селитренного городиша // Нумизматика и эпиграфика. Т. XIII, М., 1980) бұл теңге хижраның 758 жылы (1357 жыл) Гүлстан шаһарында соғылған екен. Салмағы – 1,56 гр, көлемі – 15х16 мм, материалы – күміс, жәдігер қазір нумизматик Р.С.Сағдееваның № 272 нөмірлі каталогында 308231 тауарлық кодымен сақтаулы тұр.

Теңгенің өң бетінде «Әділетті Сұлтан – Бердібек хан» деген жазумен қатар арнайы сызықтың үстіне шағын төрт дөңгелек таңба шекітілсе, тиынның келесі бетіне, әртүрлі бейнелі мүсін-таңбалар бәдізделумен қатар, жылы жазылған екен.

## Жәңгір ханның теңгесі

Бұл жәдігер жоғарыда айтқанымыздай Түркістан қаласында орналасқан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музей қорында, XIV ғасырдың екінші жартысында Сығанақ, Хорезм ақша сарайларында соғылған түрлі стилдегі теңге-тиын үлгілері арасында сақтаулы тұр. Аталмыш теңгенің өң бетіне араб графикасымен جهان...ر خان деп жазылған жазу бар.



«Бұл теңгеге жүргізілген алғашқы зерттеу нәтижесіне тоқталсақ, жәдігер қазақ ханы Жәңгірдің атымен соғылған болуы мүмкін», дейді мамандар. Қазақ тарихында «Салқам Жәңгір» атымен танымал бұл тұлға 1643-1652 жылдары Қазақ хандығын басқарған адам, тұқым-тұяғы жағынан атақты еңсегей бойлы Есім ханың ұрпағы.

Жәдігерді музей қорына 2016 жылы жеке тұлға әкеліп тапсырыпты. Жалпы, бұған дейін қазақ хандары арасынан тек Тұрсын Мұхаммедтің атымен соғылған теңге болғанын білеміз. Егер бұл мыс теңге расында Жәңгір хан атынан соғылған болса, бұл Қазақстан нумизматикасы тарихында үлкен жаңалық болары анық.

**Автор: Бекен Қайратұлы**

# Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театры



Қазақстанда тұңғыш ашылған кәсіби музыкалық театр. Қазіргі таңда негізгі бағыты - опера және балет өнерінде Қазақстанның мәдени саясатын іске асыратын және халықтың мәдени деңгейін көтеретін көркем шығармалар қойылымдарын ұйымдастыру және қою; ұлттық және халықаралық мәдени мұраны насихаттау; мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жастарды опера және балет классикасының майталмандарымен таныстыру. Театрдың шығармашылық ұжымының құрамында атақты сахна шеберлері және есімдері бүкіл әлемге танымал түрлі халықаралық байқаулардың жас дарынды лауреаттары еңбек етеді. Сахна шеберлері Франция, Германия, Италия, Жапония, Түркия, Қытай, АҚШ сияқты басқа да көптеген елдерде қошеметтелді.

Тарихына тоқталсақ, 1933 жылы - бір топ өнер жанашырлары болашақ опера және балет театрының негізі - музыка студиясын ашты. 1934 жылы музыка студиясы Қазақ мемлекеттік музыка театры болып жасақталды, сол жылы 13 қаңтарда Мұхтар Әуезовтың либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» (режиссер Ж. Шанин мен Қ. Жандарбеков, музыкасы И.В. Коцык) пьесасының желісімен алғашқы спектакль қойылды. Қойылым барысында Иван Коцыктың өңдеуімен жазылған қазақ халқының халық әндері мен күйлері орындалды. Спектаклдің қол жеткен табысы орасан болды, барлық ел жаңа театрдың ашылғанынан хабардар болды.

1936 жылы театрдың Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігінде Үлкен театр сахнасында Е.Г.Брусиловскийдің халық музыкасының негізінде жазылған тұңғыш ұлттық операсы «Қыз Жібек» операсы қойылды. 1937 жылы театрдың атауы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры болып өзгерді. 1938 жылы М. Әуезовтың «Қалқаман-Мамыр» либреттосы бойынша алғашқы қазақ балеті қойылды. 1941 жылы Н. Круглов, Н. Простаков және Т. Басенов бастаған архитекторлардың жобасы бойынша театрдың ғимараты салынды. 1943 жылы театрда Г. Уланова мен В. Пирадов «Жизель» балетін қойды. 1944 жылы «Абай» операсының премьерасы болды (либреттосын жазған М. Әуезов, музыкасы - А. Жұбанов, Л. Хамиди).

1945 жылы ұлы ағартушы Абай Құнанбаевтың 100 жылдығына орай театрға оның есімі берілді.

## ТЕАТР НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР МЕН ӘНШІЛЕР

Композиторлар: Е.Г.Брусиловский, А.Жұбанов, М.Төлебаев, Л.Хамиди, режиссер Ж.Шанин, әншілер Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, К.Байсейітова, М.Ержанов, Ғ.Құрманғалиев, Ү.Тұрдықұлова, биші Ш.Жиенқұлова, т.б. ұлттық оперменен музыканың негізін қалады. Кейінірек В.Ю.Жданов, Ю.Л.Рутковский режиссерлік етті, көркемдеуші суретшісі А.И.Ненашев, дирижері Ф.А.Кузьмич, хормейстері А.В.Преображенский болды. 1940 жылдары театр труппасына Ришат пен Мүсілім Абдуллиндер, С.Әбжанов, Ә.Үмбетбаев, Ш.Бейсекова, Б.Досымжанов, Р.Мұсабекова, Ә.Мұсабеков, т.б. әнші-артистер қосылды. Театрда А.В.Селезнев, Ю.П. Ковалев, Д.Т.Әбіров сияқты балетмейстерлер, И.И.Зак, Ғ.Н.Доғашев сынды дирижерлер жемісті еңбек етті.

Сахна төрінде М.Ержанов, Ж.Елебеков, Р.Жаманова, Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, т.б. өнер көрсетті.

Қазіргі уақытта театр артистері Н.Үсенбаева, С.Байсұлтанов, Ж. Баспақова, М. Мұхамедқызы секілді белгілі әншілер, С.Ищанова, Ұ.Кенжебеков, Д.Дүтмағамбетова тәрізді әр түрлі халықаралық байқаулардың лауреаттары қазақ операсының табыстарын көптеген елдер театрларының сахнасында паш етуде. Кейінгі жылдары театр режиссерлары Ғ.Есімов, Л.Иманғазина, Ф.Сапаров отандық және шет ел композиторларының классикалық шығармаларын жаңғыртып, сахналап жүр.

**Дереккөзі: «Уикипедия» ашық энциклопедиясы**

# Алматының қарапайым адамы

**(Соңы. Басы журналдың №11(51), 2023 жылғы электрондық нөмірінде жарияланды)**

## Ар мен адалдық

Біздің рейс үш сағатқа тағы кешігетін болды. Мені шығарып салып жүрген інім Орынбасар екеуміз аэропорт жанындағы кафеге барып, түстік іштік.

Күн күйіп тұр, даладағы тапчанның бірінде отырып, інім лағман жеді, мен сүт қатқан бір шәйнек қою шәй



алдырдым. Самолетке мінер тұста ғана аңғардым, қол сөмкем-варсеткам жоқ.Ініме телефон шалып, кафеге барып сұрастыр деп тапсырдым. Астанадағы шаруаға деп бесмыңдықтан жүзін санап салған, бес жүз мың теңге сол қол сөмкемде болатын. Бағана шәй ішкенде костюмімді, галстугімді шешіп, қол сөмкемді қасына қоя салғам. Тас ұмытып кетіппін ғой.

Қап-ай, қап! Қызыл томпақ бетінің ұшында шұңқыры бар даяшы ұйғыр қызының елпілдеуі жаман еді. Әй таптырмас. Тапса да ішіндегісін ақтарып алып қалады-ау...

Самолет зырылдап барып, көк әлеміне қалықтай көтеріліп шыға келді. Ватсап телефонын өшіріп тастадым.

Астанаға қонғанда ғана қайта қосқанда шыр-пыр ете қалды.

— Аға, варсетканыз табылды! – деген інім екен.

— Бәрі орнында ма?

— Бәрі түп-түгел! Ұйғыр даяшы қыз алып, сақтап қойыпты.

— Әп, бәрекелді! Қайтқан малда қайыр бар! – дедім қуанып.

Астанада екі айдай жүріп қалдым. Алматыға ағаш жапырағы сарғая бастаған, Алатаудың ұшар бастарына әппақ қар-мұзы ұлғая бастаған шақта келдім.

**5**

Бірден аэропорт жанындағы кафеге бардым. Сондағы қызметші, даяшылардан баяғы ұйғыр қызын сұрастырсам, ол студент екен, жұмыстан шығып, оқуына кетіп қалыпты. Телефоны жоқ, ешкім білмейді. Кафенің бастығына кіріп, Рашида атты ұйғыр қызының адалдығы үшін алғыс айттым. Бетінен нұр төгілген сол бір жымиып қана жанжүрегімен қызметін істеп, ардан аттамаған, оның осыншама ақ адалдығына әлі күнге дейін тәнтімін. Шынында да әлемді осындай жақсы жандардың тілек-пейілі ұстап тұр-ау!.. Алматымда мұндай ғажап жандар өте көп...

## Астана сен қандайсың?

Астанада «Зажигалка» деп аталып кеткен зәуілім биік ғимарат бар. Соның он сегізінші қабатындағы бір шенеунікпен жолығып, қайта шығып келе жатқанмын. Зырылдаған лифтіге кіргенім сол еді, оң жақ аяғым зың-ң етіп, тоқ ұрғандай солқылдап, жансызданып сөлбірейді де қалды. Бір ащы шаншу белден төмен найзағайдай осып, жанымды көзіме көрсетті.

— Ойбай-ай, - деп шыдай алмай лифт ішіне отыра кеттім. Қасымда бірге кетіп бара жатқан қатып киінген әдемі галстук таққан екі жап-жас жігіттер:

— Аға, не болды?

— Көке, қай жеріңіз ауырып тұр? – деп бәйек қақты.



Екеуі екі қолтығымнан демей көтеріп, сыртқа шығарды да:

— Сіз еш қам жемеңіз. Біз Сізді ең мықты аурухананың ең күшті дәрігерге көрсетеміз – деп машиналарына мінгізіп алды да кетті.

Бір аяғым мүлде істемей қалды. Хирургтер жамбасқа операция жасап, ақсақ боп қалмасам жер ортасына келгенде, - деп қамықтым.

Әне-міне дегенше жап-жаңа, іші-сырты сыңғырлаған ауруханаға әкеліп, екеуі біреулермен сөйлесіп, мені дереу бөлек палатаға жатқызды.

— Біз Үлкен үйге барайық, қазір сонда жиналыс. Сауығып кетесіз, аға, - деп туған бауырындай құшақтай қоштасып шығып кетті.

Табандатқан екі апта жатып, сан түрлі ем-дом алып, көп ине салдыртып, екі аяғымнан тік тұрып, жүріп кеттім.

**6**

Содан бері қанша жыл өтті, қайтып аяғым ауырған жоқ. Астанаға барған сайын «Зажигалка» атты зәуілім сән-салтанатты ғимаратқа кіріп, астыңғы залда демалғансып отырамын. Баяғыдағы екі уыздай жас жігіт кездесіп қалар ма екен деп әр азаматтың бәріне тесіле қараймын кеп. Бұл, айналайын өрім жастар кім? Әлі күнге дейін маған жұмбақ. Асыл ата-аналарының ғибратты тәлімін бойына сіңірген, айналайындар-ай, бақытты болыңдар!

Ел көп сұрайды:

— Астана қандай екен? – деп. Сонда мен осы оқиғаны айтып беремін. Астананың ғажап мейірімді тұрғындары біздің болашағымыз – сол бір өрімдей жас жігіттерді мейірлене, сағына еске аламын. Астана – мейірімді, қайырымдылар қаласы екен.

# Бір қап ұн

Бұл ауылға мен жиі келемін. Сонау балалық шағымнан бері осы жердегі Айқымбай, Молдахан, Тәлік секілді достарым көп шақырады, барлық қуаныштарымыз ортақ. Әттең Молдахан мен Тәлік екеуі ертерек ортамыздан кетіп қалды. Жатқан мәңгілік мекені жарық болсын! Осы ауылдағы тойға ертерек келгенмін, ел-жұртпен дидарласып, хал-жағдайларын білсем деген сағынышым бар. Бізде той ешқашан уақтысында басталмайды. Міне, мен де айтылған сағат жетіде келсем, әлі ешкім жоқ. Ел жиналу үшін әлі екі-үш сағат күтуге тура келеді.

— И, айналайын, балам, сені жолықтырғаным өте жақсы болды ғой, - деп кезінде біздің Қызыләскер ауылында тұрған Балайдың апасы шұрқырап, бетімнен сүйді.

— Қарағым, машинаңа отырып үйге жүре қойшы! – деп бойберер емес. – Шешең Күлиманмен құрдас едім, сен Сатылған деген баламмен құрдассың. Он бала тауып өсірдім ғой. Білесің бе, баяғыда ұзын жіп күрмеуге келмей менің үйімде шұрқыраған



балаларыма тамақ жасап беруге ұн таусылып қалды. Елдің бәрі күнін қалт-құлт әзер көріп отыр. Әркімнен қарызға сұрасам да таба алмай қатты қиналдым. Сенің әкең Қапалбек – тракторшы, еңбеккүніне қап-қап бидай алады. Жүгіріп ауылдың төменгі жағындағы сендердікіне келсем Күлиман да жаңа босанған, терлеп-тепшіп шәй ішіп отыр екен. «Кел-кел, шәй іш, қыз-ау», - деп бәйек болды.

Жағдайымды айтып, жылап қалдым.

**7**

Сонда Күлиман жарықтық - «Міне екі қап ұнымыз бар. Бір қабын алып кетесің – О несі-ей, ел ішінде отырып сонша қапаланғаның» - деп бір қап ұн берген еді. Сонымен жаз бойы нан жауып, қызыл қырманға аман-есен жеттік қой.

— Міне, сол бір қап ұнды қайтара алмай шерменде болып жүр емеспін бе? Сендер Қарғалыға, одан 76 разъезге көшіп кеттіңдер. Жетім бала, жесір қатын боп он баланы әйтеуір ержеткіздім. Құс фабрикасы ашылып, бала-шағаларым жұмысқа тұрып, осы Таран ауылына көшіп келдік. Құдайға шүкір, қазір жағдайымыз жақсы, бәрі бар, тек көкейімнен кетпейтіні Күлиман берген бір қап ұнын қайтара алмадым ғой деп жүруші едім. Соны алып кетші, айналайын! Шешең не деген жомарт, аққөңіл еді.

— Апа, ой рахмет. Біздің үйде ұн көп, жетеді. Рахмет. Алды деп ойлаңыз, - дедім қысылып.

— Жоқ, қарағым, ол кездегі бір қап ұн дегенің – үлкен қазына.

Жетпей тұрғанда бергенін қайтіп ұмытайын? Сексенге де келдік міне. Алмасаң қатты ренжимін, - деп қоймаған соң үйіне бардым.

Машинама бір қап ұн салып тұрып, көмбеге пісірілген көмбеш таба нан беріп: - Бала-шаға, немерелеріңе дәм таттыр. Ауылдың дәмі ғой! – дегені апам тағы да бетімнен сүйіп.

Бұл сол апамды соңғы көруім екен. Көп ұзамай қайтыс болды деген суық хабар келді.

Қайран анамның құрбы-құрдастары-ай!.. Олар мені көрсе болды туған анамдай айналып-толғанып, бетімнен сүйіп, мәре-сәре болып жатушы еді. Балайдың апасын сол ауылға барған сайын көңілім алаңдап іздеп, еске алып, елеңдеп тұрамын.

**Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**
**жазушы**

# QYR BALASY ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА

*5 жыл*



**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,**
**жазушы-ғалым,**
**тарих ғылымдарының кандидаты**

## МАҒЖАН СЕНІМІ АҚТАЛДЫ!

Міне, алашшыл жас зерттеушілердің Qyr balasy қоғамдық қоры бес жылға толған алғашқы мерейжасын атап өтпекші боп жатыр. Іске кіріскендері, белгілі алаштанушылардан бата алып жүргендері күні кеше сияқты еді (Есімде, ұмытпаймын: тақырыптық конференцияларының алғашқыларының бірін Алматыда Тарихшылар қауымдастығының, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының, «Арыс» қорының қолдауымен Жамбыл есімімен аталатын жасөспірімдер кітапханасында менің шығармашылығымдағы «Алаш және тұлғатану мәселелеріне» арнаған болатын). Елдос Тоқтарбай, Заңғар Кәрімхан, Ұшқын Сәйдірахман, Әлібек Байбол бастаған ынталы жастар Қорды құрып қана қоймай, мақсатты, қажырлы еңбегінің арқасында Qyr balasy аз уақыт ішінде ұйымдық тұрғыда нығайтты, көпшілікке танымал етті, арнайы Әлихан Бөкейхан ғылыми-зерттеу институтын ашып, ауқымды істерге жүйелі түрде құлаш ұрды.

Бүгінде еліміздің көп өңірінде Qyr balasy филиалдары, төрт жүзге тарта мүшесі бар. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан, жалпы Алаш идеясымен еңбек еткен, кезінде қуғын-сүргінге ұшыратылғандықтан ұмыттырылған, есімдері көпке беймәлім қайраткерлердің өмір жолдарын жаңғырту, ұмыт қалған еңбектерін іздеп тауып, жарыққа шығару жолында олар бұрынғы империя қалаларын аралап, алуан архивтерді сүзіп келеді. Оқырманға әлден-ақ «Алаш кітапханасы» сериясымен бір топ Алаш азаматының шығармалар жинағы мен олар жайындағы зерттеу кітаптарын ұсынды. Алаш қозғалысы мен қозғалыс қайраткерлері жөнінде жұртты сүйсінтіп дәріс оқу,түрлі ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу олардың іс-дағдысына айналған.

Бұдан бір ғасыр ілгеріде ұлы Мағжан: «Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін! Қажу бар ма тұлпарға, Талу бар ма сұңқарға, Иман күшті оларда, Мен жастарға сенемін!... Алаш атын аспанға Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін!» деп білдірген сенім ақталды! Отты, жалынды, иманды Qyr balasy Алаш атын аспанға шығаруға батыл бет алды.



**Тұрсын ЖҰРТБАЙ,**
**алаштанушы, филология**
**ғылымдарының докторы, профессор**

Осы жасымда, әсіресе соңғы 4-5 жылдың мұғдарында мені өз істерімен, ішкі ойлауымен, сыртқы күш-қуатымен, жарасымды бірлігімен сүйсіндіріп келе жатқан ұйым – Qyr balasy қоғамдық қоры. Бұл топтың басында жүрген тегеурінді жігіттер – Заңғар, Елдос пен Ұшқын, Еркіндер – түгел менің төл шәкірттерім. Олар Отанның қауіпсіздігі, ұлттың тұтастығы мен рухани жетілуі жолындағы жұмыстарда, соның ішінде Алаш кезеңін зерттей, насихаттай отырып бүгінгі

қоғамдағы ролі мен маңызын, мұратын танытуда жарқырай көрініп келеді.

***Менің ақсақалдық батам: алған беттеріңнен таймаңдар. Жолдарың ақ, істерің оң, жүрістерің батыл, сөздерің дұрыс, ниеттерің ашық. Аруақ бар, Алла қолдасын!***

Бүгінгі «қыр баласының» әрқайсысы ертеңгі дәуірдің «қыр данасы» атанатынына сенімім кәміл.



**Гүлжанат ҚҰРМАНҒАЛИЕВА-ЕРДЖИЛАСУН, тарих ғылымдарының докторы, Анкара Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры**

Qyr Balasy қоғамдық қорының Ұлт көсемінің бүркеншік атын жаңғыртқан атының өзі көп жайды аңғартады.

Қор құрылған күннен бері көп қырлы сипатымен, көп салада қызмет жасаған еңбектерімен ерекшеленеді. Бір институттың, тіпті бір академияның ісін атқарып жатыр десе болады. Бұлардың арасында, атаусыз қалған есіл ерлердің өмір жолын, қызметін кітап етіп дайындап, жариялау, ғылыми конференциялар ұйымдастыру, төте жазу курстарын жүргізу, жас ізденімпаздарға шет тілдерін үйрету, халықты Алаш тақырыбымен таныстыру, зерттеуші шәкірт тәрбиелеу, оларды Алаш мұрасын зерттеу мақсатында Алаш арыстары жүрген ізбен архив, кітапхана жұмыстарына машықтандыру сынды үлкен еңбектерді атап айтса болады.

2022 жылғы 11 қарашада өткізілген халықаралық конференцияның өзі Алаш зерттеушілерінің бір қауым ел болғанын, алаштанудың ғылымда сала болып қалыптасқанын анық көрсете алды.

Қор қабырғасы жанынан құрылған Әлихан Бөкейхан ғылыми-зерттеу институтының жас зерттеушілері Алаштың жоғын жоқтап, кетігін түгендеуде.

***Qyr Balasy қорына көңілін, жүрегін берген жастарға жортқанда жолдарың болсын, бұдан кейін де Алаш рухы алдарыңда шамшырақ болып жол көрсете берсін деген тілектерімді жеткіземін!***



**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**
**ҚР ҰҒА академигі,**
**«Қазақ газеттері» бас директоры**

# АЛАШ АРМАНЫ МЕН АҢСАРЫ

Бірің – алаштану ғылымы шебіндесің, екіншің – ағарту (білім, мәдениет) бағытындасың, үшіншің – сала жанкүйерісің. Бәрі жарасымды. Барша бастамаларың жақсы ниеттен туған. Эмоция мен харизма да азаттықтың қайнауынан шыққан.

Сендерді көріп, жастық шағымыз еске түседі. Дегенмен қазіргі әлемтапырық заман мен шындықтың әсері де байқалады.

Біз – тілеуқормыз, тілекшіміз. Әрине, ғылым жолының асыл идеалы – зерттеу нысанына адалдық. Ол сендерде бар. Осыған қатты қуанамыз. Бүгін, базар бағамы мен күйбең тіршілік алға шыққан кезеңде, ғылымға ықыласты жасты табу оңай емес. Ақиқатын айтқанда, сендердің жүргендеріңе қуанамыз.

Екінші, ғылым орайында негізгі талап бар. Ол – байыптылық, салмақтылық, қағидатшылдық. Бұл бірінде толысып келеді, бірінде аздау. Алайда ол – өмір сынынан, сындарлы тәжірибеден өтіп қалыптасатын қасиет. Бұл биікті де бағындыратындарыңа сенеміз.

Соңғы 4-5 жылда қадау-қадау жинақ шығардыңдар. Елеулі жиын, басқосу өткіздіңдер. Ғылыми-танымдық іссапарға шықтыңдар. Бұл да азаматтық қажыр-қайрат пен елдік ізденіс. Осы бағдардағы жұмыстарың жалғасын тапсын.

***Рас, бес жыл – бір белес. Алда талай ірі де іргелі жобалар күтіп тұр. Qyrbalasy деген атауларың да ұнасымды. Даланың да, қаланың да елшіл жастарын үйлестіруге жұмылған қадамдарың жемісті болғай.***

Алаш арманы мен аңсары орындала берсін.

Зиялылықтың, біліктіліктің, сауаттылықтың абыройын асқақтата түсіңдер.

Сендер Алаштың ақ жолындасыңдар. Бұл – зор мәртебе әрі сенім.

Қатарларың көбейсін, шептерің әлеуеттенсін!

## ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР

1. Бір автобуста 15 әйел және 22 еркек бар. 1-ші аялдамада 3 үйленгендер жұбы мініп, 5 еркек пен 4 әйел түседі. 2-ші аялдамада автобустан 8 еркек пен 2 әйел мініп, 4 үйленгендер жұбы түседі. Олай болса, ең соңында автобуста неше адам бар екенін табыңыз.

A) 48 B) 44 C) 40 D) 36 E) 30

2.




Жоғарыдағы фигураны көрсетілген бағытта 90°-қа бұрсақ, төмендегілердің қайсысы шығатынын анықтаңыз.




3.




Шаршылардағы сандар белгілі бір заңдылық бойынша орналастырылған. Бос шаршының орнына сәйкес келетін санның берілген сандардың қайсысына қалдықсыз бөлінетіндігін анықтаңыз.

A) 3 B) 5 C) 7 D) 9 E) 11

4. Бөлмеде балалар үшін дайындалған қабырға безендіргіші ілініп тұр. Ондағы ойыншықтардың жалпы салмағы 112 грамм.



Олай болса, оң жақта ілініп тұрған жұлдызшаның салмағын анықтаңыз.

A) 7 грамм
B) 6 грамм
C) 10 грамм
D) 9 грамм
E) 8 грамм

5. Төменде берілген суретте неше шеңбер бар екенін табыңыз.



A) 10 B) 11 C) 12 D) 13 E) 14

6. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз.




A) 6 B) 8 C) 12 D) 14 E) 16

7. Берілген фигураларды құрастыру арқылы төмендегі жауаптардың қайсысын алуға болады?





8.




Берілген суретте жоғарыдан төменге қарай “САБАҚ” сөзін неше рет құрастыруға болады?

A) 4 B) 6 C) 8 D) 10 E) 3

9. Алдарыңызда «жұп» лабиринті берілген. 11 санынан бастап, сызық бойымен жүріп сандар қосылады. Егер қосындының мәні тақ болса, әрі қарай жүруге болмайды, ал қосындысы жұп болса, әрі қарай жүруге болады. Егер әр саннан бір рет қана өте алатын болсақ, қосу амалын қатарынан ең көбі неше рет орындай аламыз?




A) 6 B) 5 C) 4 D) 3 E) 1

10. Әділет пен Асылбек ойын ойнады. Олар берілген сіріңкелер тізбесінен 1, 2 немесе 3 дана сіріңкені өз қалауымен таңдайды. Сіріңкілерді соңғы болып кім алатын болса, сол жеңімпаз атанады. Қазір Әділеттің кезегі. Берілген нұсқалардың қайсысында Әділет міндетті түрде жеңімпаз атанады?




A) Екі нұсқа да жеңіліске әкеледі
B) II
C) I, II
D) I
E) Дұрыс жауабы жоқ

11. Алдарыңызда көбейту кестесі берілген. $A+B+C$ өрнегінің мәнін табыңыз.

| x | A | B | C |
|---|---|---|---|
| 6 | | | 48 |
| 4 | | C | |
| 0,1 | B | | |

A) 42 B) 30 C) 28 D) 20 E) 25

12. Сұрақ белгісінің орнына қай санды қою керек?




A) 7
B) 8
C) 13
D) 9
E) 10

13. A, B, C, D, E атты бес күдіктінің біреуі кінәлі. Тергеу барысында олардың әрқайсысы төмендегідей жауап берді:

A: E кінәлі емес.
B: C кінәлі.
C: B өтірік айтады.
D: мен кінәлімін.
E: A дұрыс айтады.

Жауап бергендердің біреуі ғана шындық айтқан. Шындықты айтқан адамды анықтаңыз.

A) A B) B C) C D) D E) E

**Дайындаған: Абуталиев Диас**
**Төрехан Ердәулет**



# Жоғары технологиялар ғасыры

**Қазақстанның жоғарғы металлургия мектебі 70 жыл бұрын Орталық Қазақстан индустриясын қарқынды арттыру жылдарында, 1953 жылы Қарағандыда Тау-кен институтының ашылуы Қарағанды үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл Қазақстан үшін үлкен оқиға болды.**

